Әділет

# Шымкент қаласының әкімшілік шекарасын өзгерту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 18 қазандағы № 1110 қаулысы

2003 жылғы 20 маусымдағы Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 13-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес көрсетілген аудандар жерлерінің жалпы алаңы 76200,34 гектар жерлері бөлігін Шымкент қаласының шегіне енгізу жолымен « Оңтүстік Қазақстан облысы Шымкент қаласының, Ордабасы, Сайрам және Төле би аудандарының әкімшілік шекараларын өзгерту туралы» Оңтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының 2013 жылғы 28 наурыздағы № 12/103-V шешіміне және Оңтүстік Қазақстан облыстық әкімдігінің 2013 жылғы 9 сәуірдегі № 85 қаулысына келісім берілсін.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі С. Ахметов*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 18 қазандағы № 1110 қаулысына қосымша

## Оңтүстік Қазақстан облысының Ордабасы, Сайрам және Төле би аудандары жерлерінің, Шымкент қаласы шегіне қосылатын бөлігінің экспликациясы

| Р/с № | Аудандар атауы | Шымкент қаласы шегіне қосылатын жерлер ауданы (га) |
|---|---|---|
| 1. | Ордабасы | 7068,0 |
| 2. | Сайрам | 55461,13 |
| 3. | Төле би | 13671,21 |
| | Барлық жерлер: | 76200,34 |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК